

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	1 бет 5 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

ОҚУҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының тобы үшін: «Фармация» жоғары білім негізінде.

Оқу мерзімі – 3 жыл 6 ай.

Оқу түрі: күндізгі

Астана 2025ж.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	2 бет 5 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

Мазмұны

1	Мақсаты және қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі бөлім	3
3.1	Қысқаша ақпарат	3
3.2	Байланыс ақпараты	3
3.3	Қабылдау емтиханын өткізу орны	3
3.4	Қабылдау емтиханын өткізу нысаны	3
3.5	Құжаттарды тапсыру кестесі және қабылдау емтиханын өткізу мерзімдері	3
3.6	Емтихан материалы	4
3.7	Оқуға түсу емтиханының нәтижелері	5
	Келісім парағы	6

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	3 бет 5 беттің
	Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы	

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 6В10104 «Фармация» білім беру бағдарламасының білім беру бағдарламасы бойынша үміткерлерге арналған.

Алдыңғы білім деңгейі – жоғары білім.

Оқу мерзімі 3 жыл 6 ай.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы

3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

3.1 Қысқаша ақпарат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» 2-тарауының 6-тармағына сәйкес, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқу мерзімдерін қарастыратын жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

Қабылдау емтиханы «Астана медицина университеті» КеАҚ офлайн форматта компьютерлік тестілеу түрінде өткізіледі.

3.2 Байланыс ақпараты:

Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 49А, 301 каб., «Астана медицина университеті» КеАҚ, Фармация мектебі. Тел.: 8(7172)539432, e-mail: omari.a@amu.kz.

3.3 Қабылдау емтиханын өткізу орны

Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 51, «Астана медицина университеті» КеАҚ

3.4 Қабылдау емтиханын өткізу нысаны

Компьютерлік тестілеу.

Тест тапсырмаларының тізімі «Астана медицина университеті» КеАҚ Академиялық кеңесінің №6 хаттамасы бойынша 2025 жылғы «28» мамыр күні бекітілді.

3.5 Құжаттарды тапсыру кестесі және қабылдау емтиханын өткізу мерзімдері

Талапкерлерді тіркеу және қабылдау емтиханын тапсыру мерзімдері 1-кестеде көрсетілген. 1-кесте.

Құжаттарды қабылдау мерзімі	Емтихан өткізу мерзімі*	Емтихан уақыты	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Емтиханды өткізу орны
1 шілде-5 тамыз	11-13 тамыз	10.00-12.00 14.00-16.00	Нәтижелер жарияланғаннан кейінгі, келесі күні сағат 13.00-ге дейін	Бейбитшилик 51, 5 этаж, 501, 509 кабинет

*Қабылдау емтиханын кестесі (нақты күні, уақыты, үміткердің аты-жөні) біздің сайтта "оқуға түсушілер", "қысқартылған оқыту" бөлімінде жарияланады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	4 бет 5 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

Құжаттар тізбесі:

- 1) Университет Ректорының атына белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 4) көлемі 3 x 4 сантиметр 6 фотосурет;
- 5) 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама (түпнұсқа + көшірме), флюорографияның суреті, 063-у нысанының көшірмесі (егу картасы, көшірме). (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай медициналық анықтаманы тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады;
- 6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың біреуін қосымша тапсырады.

3.6 Емтихан материалы

I. Фармация негіздері бойынша сұрақтар:

1. Ұғымға, терминге анықтама беріңіз:
 - «Фармация»;
 - «Дәрілік зат»;
 - «Дәрілік препарат»;
 - «Фармакологиялық зат»;
 - «Биологиялық белсенді заттар»;
 - «Фальсифицирленген дәрілік зат»;
 - «Қайта өндірілген дәрілік зат (дженерик)»;
 - «Парафармацевтика»;
 - «Дәрілік формуляр»;
 - «Дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімі»;
 - «Негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттар» және т. б.
2. Фармацияның негізгі бөлімдері және олардың міндеттері.
3. Фармацевтикалық мекемелер.
4. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері.
5. ҚР-дағы дәрілік саясаттың құқықтық негізін регламенттейтін заңнамалық-нормативтік құжаттар.
6. Белгілі бір ауруға арналған препаратты таңдауға қандай факторлар әсер етеді?
7. Фармакокинетика және фармакодинамика принциптері туралы сөйлесіңіз. Бұл процестерге қандай факторлар әсер етуі мүмкін?
8. Дәрілік заттарды шығарудың негізгі формалары қандай? Олардың ерекшеліктері мен қолданылуын сипаттаңыз.
9. Жағымсыз дәрілік реакциялар дегеніміз не және олар қалай жіктеледі? Оларды қалай болдырмауға және басқаруға болады?
10. Дәрілік заттардың сапасын бақылаудың қандай әдістері бар? Бұл дәрі-дәрмектердің қауіпсіздігі мен тиімділігіне қалай әсер етеді?
11. Фармацевтер пациенттерге дәрі-дәрмектерді таңдауға қалай көмектеседі және фармацевтикалық кеңес береді?
12. Дәрілік заттардың айналымын қандай негізгі құқықтық нормалар реттейді? Олар қандай аспектілерді қамтиды?

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	5 бет 5 беттің
	Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы	

13. Дәрі-дәрмектерді мөлшерлеу принциптері туралы айтыңыз. Науқасқа арналған дозаны таңдауға қандай факторлар әсер етеді?

14. Дәрілік заттарды сақтауға қойылатын негізгі талаптар қандай? Неліктен бұл олардың сапасын сақтау үшін маңызды?

15. Препарат пациенттерге қол жетімді болғанға дейін қандай кезеңдерден өтеді?

II. Бейорганикалық химия бойынша сұрақтар:

- Негізгі ұғымдар: элемент, атом, моль, молярлық масса, молярлық көлем.
- Химияның негізгі заңдары: заттардың сақталу заңы, тұрақты құрам заңы, Авогадро заңы.
- Атом құрылысы.
- Химиялық байланыс және молекулалардың құрылысы.
- Химиялық байланыстың негізгі түрлері.
- Термодинамика. Термодинамикалық ұғымдар мен шамалар. Мына ұғымдарға анықтама беріңіз: жүйе (ашық, жабық, оқшауланған), реакцияның жылулық эффектісі, түзілу жылуы, жану жылуы, еру жылуы, бейтараптану жылуы.
- Термодинамиканың бірінші заңы, оның математикалық өрнегі.
- Термодинамиканың екінші заңы. Энтропия және Гиббс энергиясы. Процестердің өздігінен жүру мүмкіндігі.
- Химиялық реакция жылдамдығы. Химиялық реакция жылдамдығына әсер ететін факторлар.
- Гомогенді химиялық реакциялар жылдамдығының реагенттер концентрациясына тәуелділігі. Масса әрекеті заңы.
- Гомогенді және гетерогенді катализ. Катализ теориялары.
- Ферменттер — биохимиялық реакциялардың катализаторлары. Бағыты бойынша қайтымды және қайтымсыз реакциялар.
- Химиялық тепе-теңдік. Химиялық тепе-теңдік тұрақтысы. Тепе-теңдікті ығыстыру ережесі (Ле Шателье принципі).
- Иондық теңдеулер. Тұздардың гидролизі.
- Бренстед пен Лоури бойынша қышқылдар мен негіздердің протолиттік теориясы.
- Ерітінділер. Анықтамасы. Классификациясы.
- Ерітінді концентрациясын өрнектеу тәсілдері.
- Сутектік көрсеткіш — pH.
- Элементтер мен олардың қосылыстарының тотығу-тотықсыздану қасиеттері элементтердің периодтық жүйедегі орнына байланысты.
- Тотығу-тотықсыздану реакцияларының (ТТР) классификациясы.

3.7. Оқуға түсу емтиханының нәтижелері:

Шекті балл-50;

Ең жоғарғы балл -100;

Өту балы келіп түскен өтінішке байланысты қабылдау комиссиясымен анықталады;

Емтихан уақыты - 1 сағат 40 минут (1 тест сұрағына 1 минут);

Сұрақтар саны – 100;

Әрбір сұраққа: 1 дурыс жауап;

Әр дұрыс жауап – 1 балмен бағаланады.